**«Астана Банкі» акционерлік қоғамы**

**(«Астана Банкі» АҚ)**

# ЕКІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

# ПРОСПЕКТІ

**Облигациялық бағдарламаның жиынтық көлемі:**

**20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңге**

| | |
|---|---|
| Облигациялық бағдарлама проспекті құрастырылған күн | 31 қазан 2015 жыл |
| Қаржы көрсеткіштері берілген күн | 30 қыркүйек 2015 жыл |

***«Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да болмасын ұсыныстамалар беруді білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге алған уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың растығы үшін жауапкершілік көтермейді. Облигациялар шығарылымының проспекті Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі жағынан ғана қаралды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және онда берілген барлық ақпараттың шынайы және эмитент пен облигацияларға қатысты инвесторларды жаңылысуға әкеп соқпайтын болып табылатындығын растайды.»***

**Алматы қ., 2015 жыл**

# 1. ЭМИТЕНТ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

## 2. Эмитенттің атауы

| | Толық атауы | Қысқартылған атауы |
|---|---|---|
| Мемлекеттік тілде | «Астана Банкі» акционерлік қоғамы | «Астана Банкі» АҚ |
| Орыс тілінде | Акционерное общество «Банк Астаны» | АО «Банк Астаны» |
| Ағылшын тілінде | Joint Stock Company «Bank of Astana» | JSC «Bank of Astana» |

Эмитенттің алдыңғы толық және қысқартылған атаулары:

| | Толық атауы | Қысқартылған атауы | Өзгертілген күні |
|---|---|---|---|
| Мемлекеттік тілде | «Астана-финанс» Банкі» акционерлік қоғамы | «Астана-финанс» Банкі» АҚ | 10 наурыз 2015 ж. |
| Орыс тілінде | Акционерное общество «Банк «Астана-финанс» | АО «Банк «Астана-финанс» | 10 наурыз 2015 ж. |
| Ағылшын тілінде | «Bank «Astana-finance» Joint stock company | «Bank «Astana-finance» JSC | 10 наурыз 2015 ж. |

Эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған болса, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалар мен эмитентке қатысты құқылы мирасқорлық туралы мәліметтерді көрсету керек.

*Эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған жоқ.*

## 3. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер

Заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік №5052-1900-АҚ 10 наурыз 2015 жылы Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігімен берілген.
«Астана Банкі» АҚ алғаш тіркелген күн: 26.05.2008ж.

## 4. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі.

«Астана Банкі» АҚ бизнес сәйкестендіру нөмірі: 080540014021

## 5. Эмитенттің орналасқан жері, байланыс телефондарының және факсінің нөмірі, электронды поштасының мекенжайы туралы ақпарат

| | |
|---|---|
| Орналасқан жері | **Заңды мекенжайы:**<br>Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Бостандық ауданы, Коктем-2 ықшам ауданы, 22 үй.<br>**Нақты мекенжайы:**<br>Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Бостандық ауданы, Коктем-2 ықшам ауданы, 22 үй. |
| Байланыс телефондарының және факсінің нөмірі | Телефон: +7 (727) 259-60-60, 296-55-99<br>Факс: +7 (727) 395-01-54 |
| Электронды поштасының мекенжайы | info@bankastana.kz |

## 6. Эмитенттің банктік деректемелері

Бас банкпен теңгеде есеп айырысу үшін:
Корреспонденттік шот №KZ81125KZT1001300615 ҚР ҰБ МОЕАБ
БСК NBRKKZKX

Кбе 14
БСК ASFBKZKA

**7. Эмитенттің қызмет түрлері**

«Астана Банкі» АҚ заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген 2015 жылғы 20 сәуір №1.1.32 лицензияға сәйкес, сондай-ақ Жарғының, Эмитенттің ішкі құжаттарының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған келесідей банктік және басқа операцияларды атқарады:

1) банктік операциялар:

заңды тұлғалардан депозиттер қабылдау, банктік шоттар ашу және жүргізу;
жеке тұлғалардан депозиттер қабылдау, банктік шоттар ашу және жүргізу;
банктердің және банктік операциялардың жекелеген түрлерін атқаратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
тазартылған бағалы металдардың, осы тұлғаға тиесілі бағалы металдардан жасалған монеталардың физикалық саны көрсетілетін жеке және заңды тұлғалардың металл шоттарын банктердің ашуы және жүргізуі;
кассациялық операциялар: банктердің, Ұлттық пошта операторының қолма-қол ақшаны қабылдауы, беруі, соның ішінде ұсақтау, айырбастау, қайта есептеу, сұрыптау, қаптау және сақтау;
аудару операциялары: жеке және заңды тұлғалардың төлеу және ақша аудару туралы тапсырмаларын орындау;
есептік операциялар: жеке және заңды тұлғалардың вексельдерін және басқа борыштық міндеттемелерін есепке алу (дисконт);
банктік қарыз операциялары: банктің, ипотекалық ұйымның немесе ұлттық басқарушы холдингтің агроөнеркәсіптік кешен саласындағы еншілес ұйымдарының ақылы, мерзімді, қайтару талаптарында ақшалай несие беруі;
шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру;
төлем құжаттарын инкассоға қабылдау (вексельдерді есептемегенде);
аккредитивті ашу (ұсыну) және растау, ол бойынша міндеттемелер орындау;
банктердің ақшалай орындауды қарастыратын банктік кепілдіктерді беруі.

2) басқа операциялар:

факторингтік операциялар: төлемеу тәуекелін қабылдап, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушымен төлемді талап ету құқықтарын иелену;
сенімді операциялар: сеніп тапсырушының мүддесінде және тапсыруымен ипотекалық қарыздар бойынша талап ету құқықтарын, ақшаны басқару.

**8. «Астана Банкі» АҚ осы Проспект құрастырылған кезде қаржы агенті болған жоқ.**

**9. Эмитентке немесе онымен шығарылған бағалы қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктермен және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктерімен берілген рейтингтердің болуы туралы мәліметтер**

**Халықаралық рейтинг агенттіктері берген рейтингтер:**
«Астана Банкі» АҚ 2015 жылғы 8 тамызда «Standard and Poor's» рейтинг агенттігі «тұрақты» болжаммен «В/В» деңгейінде эмитенттің ұзақ мерзімді /қысқа мерзімді несие рейтингтерді және ұлттық шкала бойынша «kzBB» рейтингін берді.

«Астана Банкі» АҚ 2015 жылғы 29 қазанында «Fitch Ratings» рейтинг агенттігі «тұрақты» болжаммен «В» деңгейінде эмитенттің ұзақ мерзімді несие рейтингін берді.

**Қазақстан Республикасының рейтинг агенттіктері берген рейтингтері жоқ.**

**10. Эмитенттің барлық филиалдарының және өкілдіктерінің атаулары, тіркелген күндері,**

**орналасқан жерлері және пошталық мекенжайлары**

| Компания атауы | Тіркелген күні | Орналасқан жері / пошталық мекенжайы |
|---|---|---|
| Алматы қ. филиал | 26.08.2008 жылғы Заңды тұлғаның филиалын есептік тіркеу туралы куәлік № 4365-1910-Ф-л | ҚР, Алматы қаласы, Әл-Фараби д-лы, 53А |
| Астана қ. филиал | 09.10.2008 жылғы Филиалды есептік тіркеу туралы куәлік № 4031-1901-Ф-л | ҚР, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Бигелдинов көшесі, 12 |
| Атырау қ. филиал | 07.08.2009 жылғы Заңды тұлғаның филиалын есептік тіркеу туралы куәлік № 2625-1915-Ф-л, БСН 090841004072 | ҚР, Атырау қаласы, Сәтпаев көшесі, 36 «А» |
| Ақтау қ. филиал | 25.08.2009 жылғы Заңды тұлғаның филиалын есептік тіркеу туралы куәлік № 1621-1943-Ф-л, БСН 090841014822 | ҚР, Ақтау қаласы, 12-шағын аудан, 73-ғимарат |
| Қарағанды қ. филиал | 22.12.2009 жылғы Заңды тұлғаның филиалын есептік тіркеу туралы куәлік № 3385-1930-Ф-л, БСН 091241013677 | ҚР, Қарағанды қаласы, Қазыбек Би атындағы аудан, Әбдіров даңғылы, 25 |
| Шымкент қ. филиал | 15.06.2015 жылғы Заңды тұлғаның филиалын есептік тіркеу туралы куәлік № 103-1958-Ф-л, БСН 150641014775 | ҚР, Шымкент қаласы, 60011, Динмухамед Кунаев даңғылы, 13 |

«Астана Банкі» АҚ өкілдіктері жоқ.

**11. Сәйкес алқалықтарға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиесілігін көрсетіп, соңғы аяқталған үш қаржы жылы ішінде Эмитенттің қаржылық есебінің аудитін жүзеге асыратын (жүзеге асырған) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың аты-жөні, болса, әкесінің аты)**

| Жыл | Аудиторлық ұйымның атауы | Кеңесшілердің аты-жөні | Алқалықтарға тиесілігі |
|---|---|---|---|
| 2014 | «КПМГ Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Нигай Алла Никифоровна | ҚР Аудиторлар палатасы |
| 2013 | «КПМГ Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Нигай Алла Никифоровна | ҚР Аудиторлар палатасы |
| 2012 | «КПМГ Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Нигай Алла Никифоровна | ҚР Аудиторлар палатасы |

**Проспектіні уәкілетті органға берер жылдың алдындағы үш жыл ішінде тиісті қызметтерді көрсетуге шарт жасалған заң және қаржы мәселелері бойынша кеңес бергендердің толық ресми атаулары олардың тиісті алқаларға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиістілігі көрсетіледі.**

| Жыл | Кеңесшінің атауы | Қызметтер атауы | Алқалықтарға тиесілігі |
|---|---|---|---|
| 2014 | «BCC Invest» акционерлік қоғамы | Эмиссиялық және листингтік агент қызметтері | «Қазақстан қор биржасы» АҚ |
| 2014 | «Юридическая Компания «Nexum» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Заңгер қызметі | Алқалықтарға тиесілі емес. |

2014 және 2013 жылдар үшін заң және қаржы кеңесшілерімен шарттар жасалған жоқ.

**Жоғарыда аталған тұлғалармен жасалған шарттарды бұзу орын алса, тараптардың қайсысы бастама көтергендігі туралы ақпаратты көрсетіп, шартты бұзу себебі туралы ақпаратты беру керек.**

Жоғарыда аталған заң және қаржы кеңесшілерімен жасалған шарттар қолданылу мерзіміне сәйкес күшін тоқтатқан жоқ.

**12. Эмитент корпоративтік басқару кодексін қабылдаған күн (қабылдау қоғам жарғысымен қарастырылса)**

«Астана Банкі» АҚ Корпоративті басқару кодексі «Астана-финанс» АҚ Директорлар кеңесінің 2009 жылғы 30 қаңтардағы Шешімімен бекітілген.

## 2. ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

**13. Эмитенттің басқару органдарының құрылымы**

1) жоғарғы орган: Акционерлердің жалпы жиналысы;
2) басқарушы орган: Директорлар кеңесі;
3) алқалық атқарушы орган: Басқарма.

**«Астана Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы:**

«Астана Банкі» АҚ Жарғысына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1. Банк Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
2. Банктің корпоративті басқару кодексін, сондай-ақ оның өзгерістері мен толықтыруларын бекіту;
3. Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
4. Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
5. Банктің бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібін анықтау, сондай-ақ өзгерту;
6. Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
7. бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастау талаптары мен тәртібін анықтау;
8. есеп комиссиясының сандық құрамы мен мерзімін анықтау, мүшелерін сайлау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
9. Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің және шығындарын өтеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
10. Банктің Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;
11. Банк аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;
12. жылдық қаржы есептілігін бекіту;
13. есеп қаржы жылындағы Банктің таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау, Банктің бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін бекіту;
14. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
15. Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
16. Банктің өзіне тиесілі барлық активтерінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомада активтерінің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы басқа заңды тұлғаларды

құруға немесе қызметіне қатысуы немесе басқа заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

17. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Банктің акционерлеріне хабарлау нысанын анықтау, бұқаралық ақпарат құралдарында осындай ақпаратты орналастыру туралы шешім қабылдау;
18. бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта Банк сатып алғанда акциялардың құнын анықтау әдістемесін, оған өзгерістерді бекіту;
19. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
20. акционерлерге Банктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібін анықтау, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
21. Банктің резервтік капиталының және құрастыру үшін жылдық аударымдарының мөлшерін белгілеу;
22. атқарылған жұмыс туралы Банктің Директорлар кеңесінің жылдық есебін бекіту;
23. Банктің лауазымды тұлғасының және/немесе үшінші тұлғаның Банкке келтірген шығындарды немесе залалды өтеуі туралы шағыммен сотқа жүгіну туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда лауазымды тұлғаның және (немесе) аффилиирленген тұлғаларының, үшінші тұлғаның табысты (кірісті) Банкке қайтаруы туралы шешім қабылдау;
24. Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда Банк жасауға мүдделі мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
25. Банктің атқарушы органының орналасқан жерін өзгерту;
26. шешім қабылдауы Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жататын немесе олар бойынша шешім қабылдау, қарастыру мәселелерін Акционерлердің жалпы жиналысы өз құзыретіне жатқызатын басқа мәселелер.

**«Астана Банкі» АҚ Директорлар кеңесі**

Директорлар кеңесі – Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жататын мәселелер шешімін есептемегенде «Астана Банкі» АҚ қызметін жалпы басқаратын «Астана Банкі» АҚ басқарушы органы.

«Астана Банкі» АҚ Жарғысына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1. Банк қызметінің басым бағыттарын, Банктің даму стратегиясын анықтау немесе Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылған жағдайларда Банктің даму жоспарын бекіту, сондай-ақ Банктің даму стратегиясының (даму жоспарының) сақталуын қамтамасыз ету;
2. акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
3. акцияларды орналастыру (тарату), соның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылған (таратылған) акциялардың саны, орналастыру (тарату) әдісі, бағасы туралы шешім қабылдау;
4. Банктің орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы, сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
5. Банктің жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
6. Директорлар кеңесінің комитеттері туралы, сондай-ақ Банк филиалдарының несие комитеті туралы ережелерді бекіту;
7. Банктің облигациялар мен туынды бағалы қағаздар шығару талаптарын анықтау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;

8. Банк Басқармасының сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, басшысы мен мүшелерін сайлау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Банк Басқармасы туралы ережені бекіту;
9. Банк Басқармасының басшысы мен мүшелеріне төленетін лауазымдық жалақы мөлшерін, жалақы мен сыйақы төлеу талаптарын анықтау;
10. Банктің Ішкі аудит қызметінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, басшысы мен мүшелерін тағайындау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, қызметкерлеріне жалақы мен сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау, сондай-ақ ішкі аудит қызметі туралы ережені бекіту;
11. Корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттіктер мерзімін анықтау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақы мөлшерін, сыйақы төлеу талаптарын анықтау;
12. аудиторлық ұйымның қаржы есептілігі аудиті үшін, сондай-ақ Банк акцияларының төлеміне берілген немесе ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалайтын бағалаушының қызмет төлемінің мөлшерін анықтау;
13. Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында Банк Басқармасы қабылдайтын құжаттарды есепке алмағанда), соның ішінде Банктің бағалы қағаздарына жазылу мен аукциондар өткізу тәртібі мен талаптарын белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
14. Банк филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау, олар туралы ережелерді бекіту;
15. басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын Банктің иеленуі (шеттетуі) туралы шешім қабылдау;
16. акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызы Банкке тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;
17. Банк міндеттемелерін меншікті капиталы мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын көлемге ұлғайту;
18. Банктің ұйымдық құрылымын бекіту;
19. шешім қабылдаған күні Банктің меншікті капиталы мөлшерінің (бес) пайызынан асатын сомаға Банктің негізгі құралдары мен материалдық емес активтерін сатып алу (сату) тупаоы шешім қабылдау;
20. Банк немесе қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын ақпаратты анықтау;
21. Банктің ірі мәмілелер және жасауға Банк мүдделі мәмілелерді жасауы туралы шешім қабылдау;
22. Банк саясатын, соның ішінде тәуекелдерді басқару, несие тәуекелін бақылау және мониторингі бойынша, қызметкерлерді басқару бойынша, несие, инвестициялық, бюджеттік, есептік және Банктің басқа саясатын, сондай-ақ комплаенс-тәуекел басқару мәселелерін реттейтін Банктің ішкі ережелерін бекіту;
23. Уәкілетті органның талаптарына сәйкес Банк тәуекелдерін тиімді анықтау, бағалау, шектеу мақсатында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау барабар жүйесін Банкте қалыптастыруға бағытталған басқа ішкі құжаттарды бекіту;
24. Банктің ішкі аудит қызметінің ішкі аудит жоспары мен бағдарламасын бекіту;
25. Банктің комплаенс-бақылау қызметінің (комплаенс-бақылаушының) сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, сондай-ақ өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Банктің комплаенс-бақылау қызметінің (комплаенс-бақылаушының) қызметкерлерінің жұмыс тәртібін, оған төленетін жалақы және сыйақы мөлшерін, төлеу талаптарын анықтау, сондай-ақ Банктің комплаенс-бақылау қызметі туралы ережені бекіту;
26. Банкпен ерекше қатынаста байланысты тұлғалармен мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;
27. Банкпен ерекше қатынаста байланысты тұлғалардың тізілімін бекіту (куәландыру);

28. Банктің бюджетін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
29. Банк шығарған акцияларды иеленуге опциондар жасау;
30. үшінші тұлғалардың міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету туралы шешім қабылдау, соның ішінде Банктің меншікті капиталы мөлшерінің 25 (жиырма бес) және одан көп пайызы сомасына үшінші тұлғалар үшін кепілдіктер мен кепілдемелер беру;
31. құны меншікті капиталы мөлшерінің 25 (жиырма бес) және одан көп пайызын құрайтын Банк мүлкін кепілге, лизингке, өтемді және өтемсіз пайдалануға, сенімді басқаруға, басқаша пайдалануға берумен байланысты мәміле жасау туралы шешім қабылдау;
32. Банктің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау барабар және тиімді жүйесін құрастыру және қызметін атқару;
33. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе Жарғымен қарастырылған, акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын басқа мәселелер, сондай-ақ Банктің Директорлар кеңесі туралы ережеде анықталған басқа мәселелер, міндеттерді шешу.

**«Астана Банкі» АҚ Басқармасы**

Төраға басқаратын Басқарма (алқалық орган) Банктің ағымдағы қызметін басқаратын «Астана Банкі» АҚ атқарушы органы болып табылады.
Басқарманың құзыретіне келесілер жатады:

1. жылдық қаржы есептілігін әзірлеу, талқылау және алдын ала бекіту үшін Директорлар кеңесіне ұсыну;
2. жылдық және перспективті даму жоспарларын, қаржы-шаруашылық жоспарларды, бюджетті, саясатты, жылдық есептерді, Банктің басым бағыттары, ұйымдастыру құрылымы жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу, Директорлар кеңесіне ұсыну;
3. Директорлар кеңесіне Банктің филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу, үйлестіру, жұмыс бағыттары туралы ұсыныстар енгізу;
4. басқа ұйымдарды құруға және қызметіне қатысу, сондай-ақ еншілес және тәуелді ұйымдардың жұмыс құзыреті шегінде үлестерді, акцияларды шеттету, үйлестіру туралы ұсыныстарды алдын ала мақұлдау, Акционерлердің жалпы жиналысының немесе Директорлар кеңесінің құзыретіне сәйкес қарастыруға енгізу;
5. қызметін ұйымдастыру мақсатында құжаттарды (құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді, қызметкерлердің лауазымдық нұсқауларын, ережелерді, нұсқауларды) бекіту;
6. аудиторға қажетті ақпаратты беру және толыққанды жұмысын қамтамасыз ету;
7. құзыреті шегінде жасалатын шарттар бойынша тарифтерді, бағаларды, комиссиялардың мөлшерлерін белгілеу;
8. Акционерлердің жалпы жиналысының, Банктің Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз ету.

## 14. Эмитенттің директорлар кеңесінің (бақылау кеңесінің) мүшелері

| Директорлар кеңесі мүшелерінің аты-жөні, болса, әкесінің аты, туылған күні, осы тұлғалардың қызметін бастаған күн | Директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысының соңғы үш жылда атқарған және қазіргі уақытта атқаратын қызметтері хронологиялық тәртіпте, соның ішінде қосарлас қызметі |
|---|---|
| Тохтаров Олжас Танирбергенович<br><br>1980 жылғы 24 шілдеде туылған<br><br>«Астана Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (қызметін бастаған күн – 23.07.2014 ж.) | 23.07.14 – қазіргі уақытқа дейін - «Астана Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Директорлар кеңесінің төрағасы<br>28.01.14 – қазіргі уақытқа дейін – «Астана Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;<br>10.07.13 – 08.11.13 – «Астана Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;<br>12.03.12 – қазіргі уақытқа дейін – «SAT & Company» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; |

| | |
|---|---|
| | 07.11.08 – қазіргі уақытқа дейін – «SAT & Company» АҚ Басқарма төрағасы;<br>15.11.08 – 22.01.10 - «SAT & Company» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;<br>25.09.07 – 15.11.07 – «SAT & Company» АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі |
| Даулетбаев Марат Туреханович<br><br>1975 жылғы 16 тамызда туылған<br>«Астана Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор (қызметін бастаған күн – 10.07.2014 ж.) | 10.07.13 – қазіргі уақытқа дейін – Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;<br>21.10.10 – 05.04.11 - «Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік өңірлік даму корпорациясы» АҚ Басқарма мүшесі;<br>04.10.10 – 01.04.09 - «САРЫАРҚА» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компанияс» АҚ Басқарушы директоры;<br>11.07.08 – 18.07.07 - «ҚазТемірТранс» АҚ Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі |
| Кумпеисов Даурен Думанович<br><br>1981 жылғы19 қараша туылған<br><br>«Астана Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (қызметін бастаған күн – 20.03.2015 ж.) | 20.03.15 – қазіргі уақытқа дейін - «Астана Банкі» АҚ директорлардың кеңесінің мүшесі;<br>27.05.13 – 20.03.15 «Астана-финанс» банкі» АҚ Басқарма төрағасы<br>03.01.2013 ж. -27.05.13 – «Астана Банкі» АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі<br>05.04.12 – 14.11.12 – "Standard" сақтандыру компаниясы" АҚ Басқарма төрағасы<br>04.04.12 – 01.03.13 – "Standard" сақтандыру компаниясы" АҚ директорлар Кенесінін мушесі<br>25.10.11 – 04.04.12 – "Standard" сақтандыру компаниясы" АҚ директорлар Кенесінін төрағасы<br>16.04.10 – 07.09.10 – "Отан" АЖЗҚ" АҚ директорлар Кенесінін төрағасы |
| Шагубатов Александр Вячеславович<br><br>1980 жылғы 13 қазан туылған<br><br>«Астана Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор (қызметін бастаған күн – 20.03.2015 ж.) | 20.03.15 – қазіргі уақытқа дейін - «Астана Банкі» АҚ директорлардың кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры;<br>29.07.13 – қазіргі уақытқа дейін - АО «Страховая компания «Standard» АҚ директорлардың кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры;<br>01.01.13 – қазіргі уақытқа дейін - «Ридженс» Бас директоры |
| Хасенов Махамбет Кабдулкаирович<br><br>1975 жылғы 7 қыркүйек туылған<br><br>«Астана Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі | 15.10.15 – қазіргі уақытқа дейін - «Астана Банкі» АҚ директорлардың кеңесінің мүшесі;<br>01.02.13 – қазіргі уақытқа дейін "Standard" сақтандыру компаниясы" АҚ, Басқарушы директор<br>01.01.11 – қазіргі уақытқа дейін «CommerceFactor» ЖШС, Бас директор |

## Эмитенттің директорлар кеңесінің (бақылау кеңесінің) әрбір мүшелерінің әрқайсының қатысу үлесін көрсете отырып эмитенттің және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының жарғылық капиталына (акцияларына/үлесіне) қатысуы:

| **Директорлар кеңесінің мүшесі** | **Эмитенттің директорлар кеңесінің әрбір мүшелерінің әрқайсының қатысу үлесі, %** | **Эмитенттің директорлар кеңесінің еншілес және тәуелді ұйымдарының жарғылық капиталына (акцияларына/үлесіне) қатысуы** |
|---|---|---|
| Тохтаров Олжас Танирбергенович<br><br>1980 жылғы 24 шілдеде туылған<br><br>«Астана Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (қызметін бастаған күн – 23.07.2014 ж.) | 82,73905624 | 0 |

| | | |
|---|---|---|
| Даулетбаев Марат Туреханович<br><br>1975 жылғы 16 тамызда туылған<br>«Астана Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор (қызметін бастаған күн – 10.07.2014 ж.) | 0 | 0 |
| Кумпеисов Даурен Думанович<br><br>1981 жылғы19 қараша туылған<br><br>«Астана Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (қызметін бастаған күн – 20.03.2015 ж.) | 4,94020652 | 0 |
| Шагубатов Александр Вячеславович<br><br>1980 жылғы 13 қазан туылған<br><br>«Астана Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор (қызметін бастаған күн – 20.03.2015 ж.) | 0 | 0 |
| Хасенов Махамбет Кабдулкаирович<br><br>1975 жылғы 7 қыркүйек туылған<br><br>«Астана Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі | 0 | 0 |

Алдыңғы екі жыл ішінде директорлар кеңесінің (бақылау кеңесінің) құрамында болған өзгеріс

| **Директорлар кеңесінің құрамы өзгерген күн** | **Директорлар кеңесінің құрамы** | **Директорлар кеңесінің құрамынан шығу себептері** |
|---|---|---|
| 10.07.2013 | Шакибаев Ерлан Даулетович – Директорлар кеңесінің төрағасы,<br>Тохтаров Олжас Танирбергенович,<br>Даулетбаев Марат Туреханович | Шакибаев Ерлан Даулетович – Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде қайта сайланды, Директорлар кеңесінің төрағасы (11.07.2013ж. бастап).<br>Тохтаров Олжас Танирбергенович – директорлар кеңесінің құрамына сайланды.<br>Даулетбаев Марат Туреханович – директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор ретінде қайта сайланды.<br>Шаймаханов Ербол Умарадилович – оның бастамасы бойынша өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтады. |
| 08.11.2013 | Шакибаев Ерлан Даулетович – Директорлар кеңесінің төрағасы,<br>Кумпеисов Даурен Думанович,<br>Даулетбаев Марат Туреханович | Тохтаров Олжас Танирбергенович – өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтады.<br>Кумпеисов Даурен Думанович – директорлар кеңесінің құрамына сайланды. |
| 28.01.2014 | Шакибаев Ерлан Даулетович – Директорлар кеңесінің төрағасы,<br>Тохтаров Олжас Танирбергенович,<br>Даулетбаев Марат Туреханович | Кумпеисов Даурен Думанович – өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтады.<br>Тохтаров Олжас Танирбергенович – директорлар кеңесінің құрамына сайланды. |
| 23.07.2014 | Тохтаров Олжас Танирбергеновичич – Директорлар кеңесінің төрағасы,<br>Шакибаев Ерлан Даулетович,<br>Даулетбаев Марат Туреханович | Тохтаров Олжас Танирбергенович Директорлар кеңесі мүшелерінің арасынан Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды. |

| | | |
|---|---|---|
| 20.03.2015 | Тохтаров Олжас Танирбергеновичич – Директорлар кеңесінің төрағасы,<br>Шакибаев Ерлан Даулетович,<br>Даулетбаев Марат Туреханович,<br>Кумпеисов Даурен Думанович,<br>Мимикенов Кайржан Махмедович,<br>Шагубатов Александр Вячеславович. | «Астана Банкі» АҚ директорлардың кеңесінің есептік құрамың 6 (алты) мүшесі бойынша белгілеу.<br>Астана Банкі» АҚ директорлардың кеңесіне келесі тұлғаларды сайлау:<br>1) Кумпеисов Даурен Думанович;<br>2) Мимикенов Кайржан Махмедович;<br>3) Шагубатов Александр Вячеславович. |
| 18.05.2015 | Тохтаров Олжас Танирбергеновичич – Директорлар кеңесінің төрағасы,<br>Шакибаев Ерлан Даулетович,<br>Даулетбаев Марат Туреханович,<br>Кумпеисов Даурен Думанович,<br>Шагубатов Александр Вячеславович. | Мимикенов Кайржан Махмедович - өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтады. |
| 03.09.2015 | Тохтаров Олжас Танирбергеновичич – Директорлар кеңесінің төрағасы,<br>Даулетбаев Марат Туреханович,<br>Кумпеисов Даурен Думанович,<br>Шагубатов Александр Вячеславович. | Шакибаев Ерлан Даулетович өкілеттіктері өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды. |
| 15.10.2015 | Тохтаров Олжас Танирбергеновичич – Директорлар кеңесінің төрағасы,<br>Даулетбаев Марат Туреханович,<br>Кумпеисов Даурен Думанович,<br>Шагубатов Александр Вячеславович,<br>Хасенов Махамбет Кабдулкаирович. | «Астана Банкі» АҚ қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының шешімі бойынша «Астана Банкі» АҚ Директорлар кеңесіне Хасенов Махамбет Кабдулкаирович сайланды. |

## 15. Эмитенттің директорлар кеңесінің комитеттері

| № | Комитеттін атауы | Комитеттін өкілеттіктері | Комитет мүшесінің аты-жөні | Комитет мүшесінің құзырети | Комитет мүшелерінің туған жылы | Комитет мүшелерінің қызметтеріне кірісу күні |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **«Астана Банкі» АҚ Активтер мен пассивтерді басқару комитеті** | – активтер мен міндеттемелерді басқару саясаты мәселелерін қарастыру және бекіту;<br>– валюталық, пайыздық, баға тәуекелдері және өтімділіктен айрылу тәуекелі бойынша лимиттер немесе шектеулер белгілеу, кейіннен мониторинг жүргізу;<br>– құпия ақпаратты қолданып, операциялардың жүргізілуіне жол бермеу мақсатында несиелеу функцияларынан бөлек инвестициялық операциялардың жүргізілуін бақылау;<br>– жалпы ресурстарды тарту және орналастыру талаптарын, белсенді операцияларды қаржыландыру әдістерін анықтау;<br>– берілген қарыздар және тартылған депозиттер бойынша ең аз сыйақы мөлшерлемелерін | Басқару комитетінің төрағасы **Даулетбаев М.Т.** | Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор | 1975 ж. | 19.05.2011 |
| | | | **Баубеков Б.А.** | Басқарма төрағасының бірінші орынбасары | 1974 ж. | 26.03.2015 |
| | | | **Рахманкулов С.Т.** | Басқарушы директор | 1976 ж.. | 26.03.2015 |
| | | | **Нурпеисова М.А.** | Басқарушы директор | 1986 ж. | 02.06.2015 |
| | | | **Бутина А.А.** | Талдау және есеп-қисап басқаруының бастығы | 1983 ж. | 01.08.2013 |
| | | | **Оразбаев Р.С.** | | 1981 ж. | 01.01.2014 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | (орналастырудың ең аз мөлшерлемелерін) белгілеу;<br>– стандартты талаптардан бөлек тартылған депозиттер бойынша жеке талаптарды белгілеу;<br>– активтер мен міндеттемелердің құрылымын өзгертумен, ресурстарды тартумен және орналастырумен байланысты шұғыл шешімдер қабылдау;<br>– жеткілікті деңгейде өтімді активтерді қолдауды бақылау;<br>– өтімді активтердің көздеріне, соның ішінде халықаралық тәжірибеде қабылданған операциялар мен своптарды жасау нәтижесінде ұлттық және шетел валюталарын тарту үшін мониторинг жүргізу;<br>– активтер мен міндеттемелерді тұрақты талдау, өтеу мерзімін шолу, ГЭП мониторингі;<br>– банк-контрагенттермен банктік операциялар жүргізуге лимиттер белгілеу және бақылау, соның ішінде ТМД елдері;<br>– бағалы қағаздардың эмитенттеріне лимиттер белгілеу және бақылау, соның ішінде борыштық міндеттемелер;<br>– лимиттердің белгіленген нормативтерге сәйкестігін қалпына келтіру шараларының тізімі мен осы артықтар күшінде болатын мерзімді анықтап, Комитет белгілеген лимиттерден асу жөнінде шешімдер қабылдау (Директорлар кеңесімен және тұрақты талаптармен белгілеген лимиттерді есептемегенде);<br>– стресс-тест сценарийлерін анықтау, стресс-тест нәтижелері бойынша шешім қабылдау;<br>– бюджетті құрастыру кезінде кепілге қойылған активті және пассивті операциялар бойынша пайыз мөлшерлемелерінің деңгейлері мен болжамды макроэкономикалық көрсеткіштерді талдау нәтижелерін қарастыру;<br>– активтер мен пассивтерді басқару саясатын реттейтін Банктің нормативтік құжаттары талаптарының сақталуын бақылауды қамтамасыз ету;<br>– Комитеттің құзыретіне жататын басқа да мәселелер. | **Жангабылов М.С.** | Аймақтық басқарушы директор, Астана қ. Филиалының директоры.<br><br>Басқарушы директор, Басқарма мүшесі | 1981 ж. | 03.12.2013 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | **«Астана Банкі» АҚ Бас офисінің Несие комитеті** | • Банктің несие саясатының қағидаларын қарастырады, оларға өзгерістер енгізеді, Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынады;<br>• несие портфелі сапасының Банктің бекітілген несие саясатына сәйкестігін бақылайды;<br>• Банктің қабылданған несие саясатының шеңберінде несиелеу жоспарларының орындалу барысы туралы несие бөлімшелері мен филиалдардың басшыларының кезеңдік есептерін тыңдайды;<br>• несие операцияларының жекелеген түрлері мен нысандарын енгізу және әзірлеу мақсаттылығы туралы;<br>• Банктің несие саясатына, басқа да ішкі құжаттарына сәйкес несиелерді, несие өнімдерін беру туралы, соның ішінде несиелеудің белгіленген лимиттерінен асыра филиалдарда берілетін несиелер беру туралы шешім қабылдайды;<br>• қолданыстағы несиелер, несие шарттары бойынша несиелеу параметрлерін (талаптарын) өзгерту (пайыздық мөлшерлеме, мерзімі, сомасы, т.б.);<br>• мерзімі кешіктірілген несиелер бойынша есептелген өсімақыны есептен шығару туралы;<br>• құрылған провизиялар есебінен несиелер бойынша мерзімі кешіктірілген негізгі борыш сомаларын баланстан тыс шоттарға есептен шығару туралы;<br>• Филиалдардың Несие комитеттерінің өкілеттіктері мен лимиттерінен асатын мерзімге және сомаларға несие өнімдерін ұзарту туралы;<br>• Директорлар кеңесі белгілеген лимиттер шеңберінде несие операцияларының жекелеген түрлері бойынша клиенттер үшін жеке лимиттер белгілеу;<br>• елдік лимиттер белгілеу;<br>• кепілдемелер, кепілдіктер, үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша Банктің баланстан тыс ақшалай міндеттемелерінің басқа түрлерін беру;<br>• филиалдардың Несие комитеттеріне лимиттер белгілеу, Директорлар кеңесі белгілеген лимиттер шеңберінде несие өнімдерін ұсыну жөніндегі өкілеттіктерді анықтау;<br>• проблемалы және проблема алдындағы қарыздармен жұмыс тәртібін белгілеу туралы;<br>• мәселелерді әзірлеу және БО НК қарастыруына ұсыну бойынша филиалдардың жұмыс тәртібін белгілеу;<br>• несие тәуекелдері, несие портфелінің сапасы жөніндегі | Басқару комитетінің төрағасы **Даулетбаев М.Т.**<br><br>**Оразбаев Р.С.**<br><br>**Габитов Н.Р.**<br><br>**Жакыпбеков Б.П.** | Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор<br><br>Аймақтық басқарушы директор, Астана қ. Филиалының директоры.<br><br>Тәуекел Департаментының директоры<br><br>Бас юрист – Офис басқарушысы | 1975 ж.<br><br>1983 ж.<br><br>1982 ж..<br><br>1983 ж.. | 19.05.2011<br><br>01.08.2013<br><br>24.04.2015<br><br>02.04.2015 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қабылданған талаптарға сәйкес келуі, соның ішінде ипотекалық қарыздар бойынша шектеулердің параметрлерін белгілеу;<br>• несие тәуекелін өзгерту және болжамды бағалау процедураларын анықтау;<br>• провизиялар белгілеу, несие тәуекелдерімен қатар мәмілелер бойынша тәуекел топтарын анықтау;<br>• несиелеудің жекелеген түрлері, контрагенттердің несие қабілеттігін талдау әдістері бойынша несие және басқа тәуекелдерді (АПБК құзыретіне жататынды есепке алмағанда) қамтитын операцияларды жасау тәртібі бойынша нормативтік құжаттарды, тәуекелдерді басқарумен байланысты басқа да регламенттік құжаттарды бекіту;<br>• қаражат тарту және орналастыру мәмілелері бойынша заң тәуекелдерін қабылдау;<br>• несие тәуекелдерін қамтитын нақты несие және нарық құралдарына лимиттер белгілеу;<br>• несие тәуекелдерін қамтитын нақты несие және нарық құралдарына лимиттер белгілеу;<br>• несие тәуекелімен борыштық қағаздар мен қағаздар эмитенттеріне лимиттер белгілеу;<br>• несие тәуекелдерімен байланысты банктік операциялар жасау тәртібін бекіту, сондай-ақ нақты мәмілелерді мақұлдағанда осы мәмілелерге тән операциялық тәуекелдермен байланысты банктік операциялар жасау тәртібін бекіту;<br>• несие тәуекелінің деңгейі, активтер сапасын талдау бойынша құрылымдық бөлімшелердің есептілігін, стресс-тест нәтижелерін қарастыру;<br>• банктік қарыз операциялары бойынша талаптар белгілеу және бекіту, қарыз сапасын қадағалау;<br>• Банктің меншікті капиталының 5 (бес) пайызынан асатын несиелерді беру туралы несие жобаларын алдын ала қарастырады;<br>• БО НК құзыретіндегі және несие процесін реттейтін басқа мәселелер. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
